
Журналистика және саясаттану факультеті

БЕКІТЕМІН
Қабылдау комиссияның төрағасы,
ректор



Е.Б. Сыдықов
2019 ж.

**«БВ032 - Журналистика және ақпарат» даярлау бағытының
«В042-Журналистика және репортерлік іс»
білім беру бағдарламаларының тобы бойынша
«Жазбаша шығарма»
шығармашылық қабылдау емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан, 2019 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ереже.....	4
2. Шығармашылық емтихан өткізудің тәртібі.....	4
3. Бағалау талаптары.....	6
4. Емтихандық тапсырманың тақырыптары.....	7

1. Жалпы ереже

Бұл бағдарлама «Жоғары білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазанындағы № 600 бұйрығы негізінде жасалды.

Шығармашылық емтихан өткізу талапкердің «B042-Журналистика және репортерлік іс» білім беру бағдарламаларының тобына кіретін білім беру бағдарламасын игеруге деген қабілеті мен бейімділігін анықтауға бағытталған.

Шығармашылық емтиханның мақсаты:

- «Журналистика және репортерлік іс» бағытында білім алуға үміткердің жалпы даярлығын анықтау.

Жалпы дайындық төмендегі қабілеттерді қамтиды:

- қоғамдағы коммуникацияның ролі туралы, бұқаралық ақпарат құралдары саласында қызметкердің ерекшелігі туралы алғашқы білімдердің бар болуы;
- шығармашылық қабілеттер;
- жан-жақтылық;
- сауаттылық, өз ойларын жазбаша түрде тез білдіру мүмкіндігі;
- әлеуметтік және саяси өмірге қызығушылық;
- қарым-қатынасқа бейімділік.

Шығармашылық емтихан міндеттері:

- коммуникациялық салада жазбаша білімді, дағдыларды және қабілеттерді анықтау;
- білім беру бағдарламасына түсудің және университетте білім алуды аяқтаған соң мамандық бойынша жұмыс істеуге деген ұмтылысын анықтау;
- талапкердің өз ой-пікірін білу қабілетін тексеру, оның тұжырымдарын дәлелдеу, талапкердің сауаттылығын тексеру;
- талапкердің шығармашылық әлеуетін бағалау.

2. Шығармашылық емтихан өткізудің тәртібі

Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыруға өтініш қабылдау 20 маусымнан 7 шілдеге дейін жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан 8 шілде -13 шілде аралығында өткізіледі.

«B042-Журналистика және репортерлік іс» білім беру бағдарламаларының тобына түсушілер екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық емтихандар өткізу үшін комиссия құрылады және оны Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры бекітеді.

Пәндік-емтихандық комиссия құрамы төрағасын қоса есептегенде тақ саннан тұрады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтихан қабылдауға қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның даусы шешуші болып табылады.